



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 029 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2005 жылғы 23 қыркүйек

«Ақша-кредит саясатын жүргізудің оңтайлы схемасын таңдау» тақырыбына дөңгелек үстел өткізу туралы

2005 жылғы 21-22 қыркүйекте ЕурАзЭҚ-на қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің ынтымақтастығы туралы келісім шеңберінде семинарлар өткізу кестесінің жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұйымдастырған «Ақша-кредит саясатын жүргізудің оңтайлы схемасын таңдау» тақырыбына дөңгелек үстел өткізілді.

Экономиканың дамуында кез келген орталық банктің ең үлкен үлесі елдегі макроэкономикалық тұрақтылықты ұстау болып табылады. Осы міндетті шешудегі табыстылық кепілі ақша-кредит саясатын жүргізудің оңтайлы схемасын таңдау болып табылады. Бұл ретте өтпелі экономикасы бар елдердің алдында тұрған проблемалардың ішінде көптеген ұқсастық бар. Ол: ашық нарық операцияларын жүргізу үшін мемлекеттік бағалы қағаздар портфелінің жеткіліксіздігі, ресми пайыздық ставкалардың жетекіліксіз реттеуші рөлі, мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама нарығының жеткіліксіз дамуы. Бірқатар проблемалар ақша-кредит саясаты үшін капиталдың қарқынды келуіне себеп болады. Сондықтан өтпелі экономика жағдайында ақша-кредит саясатын жүргізу тәжірибесіне қызығушылық пайда болады.

Дөңгелек үстелдің жұмысына ЕурАзЭҚ елдерінің, сондай-ақ Литва, Польша және Чехия орталық және ұлттық банктерінің өкілдері, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Дүниежүзілік банктің, USAID, «Маркетингтік-талдау зерттеулерінің орталығы» АҚ-ның (МТЗО) өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстелдің жұмысы үш сессия бойынша өтті: «Капиталдың келуі жағдайындағы ақша-кредит саясаты», «Өтпелі экономикасы бар елдердегі инфляциялық таргеттеу», «Қаржы секторының дамуы және ақша-кредит саясаты».

Дөңгелек үстелдің барлық қатысушылары осы сияқты іс-шараларды өткізудің пайдалы екенін атап өтті, өйткені олар тұтастай алғанда ақша-кредит саясаты, банк секторы және қаржы нарығы дамуының үрдістерін неғұрлым ауқымды түрде көруге және «болған қателерді қайталамас үшін көрші елдердің тәжірибесін зерделеуге» мүмкіндік береді.